

## АБЫЛАЙ ХАНҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІҢ МАҢЫЗЫ МЕН РӨЛІ

*Ләйлә Сәндібекқызы Байбосын*

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педогогикалық институты  
Арқалық қ., Қазақстан Республикасы

Тарихи зерттеу дерексіз жазылмайтыны ақиқат. Қай елдің тарихы болмасын сол тақырыпқа қалам тартқан ғалым алдымен сипаттау немесе зерттеу жүйесі дәлелді болуы үшін тарихи шындықты ашып көрсетеді деген деректерді жинақтайды.. Абылай ханға байланысты тарихи деректердің жинақталуы белгілі тарихшылардың еңбектерінде зерттеле бастады. Атап айтатын болсақ, белгілі тарихшы Қадыржан Әбуевтың «Қазақстан: тарих және тағылым» атты еңбегінің тарихи тұлғалар деп аталатын бірінші бөлімінде «Хан Абылай атандың...» тақырыбындағы Абылай ханға байланысты тарихи деректерді жан-жақты сипаттайды. Атап айтсақ, «Абылай хан – XVIII ғасырдағы тарихымыздың аса ірі тұлғасы. Тарихи тұлғаларды бір – бірімен теңестіре салыстыруға болмайды. Әйткенімен Ресей үшін Бірінші Петр немесе Германия үшін Бисмарк қандай болса, Қазақстан үшін ол сондай тұлға. Абылайдың дара тұлғасы, қолбасшылық таланты мен саяси көрегендігі қазақ халқының жоңғар шапқыншылығы мен Ресей, Қытай империясының көз алартуына қарсы күресіне байланысты қалыптасқан күрделі тарихи кезеңде көзге түсті. Абылай сол қазақ халқының тағдыр – талайы қыл үстінде, қылыш жүзінде тұрғанда ел бірлігін ұйымдастырып, үш жүздің басын қосып, анталаған жауға тойтарыс берді. Сол арқылы қазақтың келешегіне жол салады. Абылайдың аты көзі тірісінде аңызға айналып, қазақ үшін қасиетті Алаш сияқты жауынгерлік ұранға айналды. солай бола тұра оның өмірі мен қызметі неліктен кеңес тарихнамасында тиісті және әділ бағасын ала алмай келді деген сауалдың қойылуы заңды. Оған жауап беру үшін осы тақырыпқа байланысты құжаттарға, әдебиеттерге талдау жасаған жөн ғой деймін.

Абылай тақырыбын зерттеу үшін басты деректер болып саналатын құжаттар орыс архивтерінде. Олар – орыс патшаларының грамоталары мен Указдары. Сенат пен сыртқы істер коллегиясының документтері, аталмыш органдардың хандармен, сұлтандармен жазысқан хаттары, қазақ хандығында болып қайтқан орыс елшілерінің жазбалары. Міне, осындай доументтерден тұратын «Қазақ – орыс қарым – қатынастары» деген жинақта (3) 500 – ден астам құжаттар бар. Бұл материалдарда Абылай туралы, оның ішкі және сыртқы саясатынан мағұлмат беретін көптеген жәйттар кездеседі. Әрине, ол құжаттарды жасаған негізінен үкімет мекемелері, патша чиновниктері, ал олар отарлау әкімшілігінің көзқарасы мен саясатын көрсететіндіктен жаңағы құжаттарды пайдаланғанда жітілік, сыни саралау және басқа нұсқалармен салыстырып отыру қажет. Екіншіден, Ресей архивтерінің көптеген қорлары қазақ тарихын зерттеушілердің қолына тимей келгенін ескере отырып, оларды жан – жақты зерттеп пайдаланбай, біз тарихи шындыққа жете алмаймыз.

Бұлардан басқа Абылай туралы мәліметтер революцияға дейін басылған энциклопедиялық сөздіктерде, сондай – ақ «Россия. Біздің отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» деген іргелі басылымда кездеседі. Сол басылымның 18 – томы түгелдей қазақ өлкесіне арналған, мұнда төмендегідей сөздерді оқуға болады: «Қырғыздардың (қазақтардың. – Қ.Ә) арасында кең танымал, хан атанған Абылай қырғыздарды бөгделердің билігінде қалдырмауға тырысты».

Абылай хан туралы мағұлмат беретін бұдан басқа да әдебиеттер баршылық. Олар – Қазақстанның тарихына арналған революциядан бұрын шыққан басылымдар. Оған ең алдымен алғашқы орыс зерттеушілері П.С. Паластың, П.И. Рычаковтың, Н.Г. Андреевтің, А.И. Левшиннің, В.В. Радловтың, С.Е. Маловтың, В.Л. Тоомсеннің, Н.М. Ядрин-

цевтің, И. Фальктің, И.Г. Георгидің, Г.Н. Потаниннің, Н.П. Рычковтың, Н.А. Аристовтың, Г. Спасскийдің еңбектері жатады. Бұл авторлар Қазақстанның XVIII – XIX ғасырлардағы қоғамдық – саяси дамуының ерекшелігімен жақсы таныс болғандықтан, халықтың тұрмыс – салтын, жағдайын, мәдениетін жан – жақты сипаттаған. Олар өздері сөз еткен оқиғалардың куәсі болған немесе ізі өшірілмей жазған, сондықтан жоғарыда аталған орыс авторларының еңбектерінің қазақ тарихы үшін маңызы зор. Осы сөз болып отырған авторлардың еңбектерінде Абылайға арналған көптеген беттер бар. Десек те, біздің өлкенің алғаш орыс тарихшылары мемлекеттік отарлау мекемелерінің өкілдері екенін және олардың саясатын іске асырушылар екенін ұмытпаған жөн. [1, 9-10]

Біздің сөз етіп отырған тақырыпты зерттеуге қазақтың ұлы ағартушы – ғалымы Шоқан Уалихановтың жинастырған материалдарының алатын орны ерекше. Онда Абылайдың руы, тегі жөнінде шежіре, оның әйелдерінің аты – жөні, ата тегі және ұрпақтарының тағдыр талайы жазылған. Бұл құжаттарды Шоқанның орыс тілінде шыққан бес томдық шығармалары жинағының бірінші және төртінші томынан оқуға болады. Ал үшінші томында оның XIX ғасырдың 60 - жылдары жазған «Абылай» атты мақаласы бар. Ол негізінде Абылайға арналған тұңғыш ғылыми еңбек. Онда автор өзінің ұлы атасына байланысты көптеген мәліметтер келтірген және олар өз мағынасын осы күнге дейін жойған жоқ.

Әнуар Тарақтың «Алаштың айбын- ардағы-Абылай хан» атты әдеби тарихи монографиясында Абылай хан туралы бірнеше деректер келтірілген. Кезінде Абылай туралы бір күрделі ғылыми еңбек жазылса екен деген М.Әуезовтың тілегі бүгінгі күні жүйелі зерттеуді қажет ететіндігін айғақтайды. Сондай ақ 1991 жылы 9 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Абылай секілді хандарымызды тек өзіміз ғана біліп қоймай, Қазақстанның барлық халықтарына танытайық»-деп Абылай ханды жан жақты зерттеудің қажеттігін атап өткен болатын деп көрсетті.[2, 2-8]

1991 жылы 1 тамызда Көкшетауда өткен Абылайдың 280 жылдығы тарихымызды қайта қарауға, тарихи тұлғаларымызды бағалауға, әсіресе Абылайдың қайраткерлік рөлін айқындауға жаңа бет бұрыс болды. Бұған тарихшылар, зерттеушілер М.Қозыбаев, Р.Сүлейменов, В.Моисеев, Ғ.Сапарғалиев, М.Құл-Мұхаммед, Қ.Абуев, Қ.Салғара, Қ.Бижановтар шынайы үлес қосты. Бұл жерде автор М.Қозыбаев пен Р.Сүлейменовтың пікірлерін келтіреді: М.Қозыбаев: « абылай хан –өте алып та, тұңғыықтай терең де тұлға. Оның есімі ХУІІІ ғасырдағы барша әлемдік тарихқа құбылыс болып енді» десе, Р.Сүлейменов болса, «Хан Абылай- қазақ елінің өткендегі тарихында елеулі із қалдырған аса ірі тұлға» деп баға берді. [2, 6-7 бет]

Е. Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты еңбегінің 7 тарауында Абылай ханға былай деп баға береді «Кенесарының атасы Абылай хан (1711-1781жж) ерекше даңқы шыққан адам болды. Ол орта жүз сұлтандарының кіші ұрпағы, Түркістан қаласын иеленушінің немересі еді. Аса күрделі шиеленіскен халықаралық жағдайда Абылай бытыраңқы қазақ жерлерін өз қол астына біріктіруге ұмтылған. Қазақстанды басып алуға тырысқан көршілері патшалы Ресей, Қытай, жоңғар мүдделерінің қарама қайшылығын шебер пайдалана отырып, Абылай іс жүзінде өз елінің тәуелсіздігін сақтап қала алды» деп жазды. Сонымен қатар ғалым тарихшы Левшиннің дерегін келтіреді; «Абылай ханның қызметін сипаттай отырып, тарихшы Левшин былай деп жазды: «Қырғыздардың сол замандағы билеушілерінің бәрінен жасымен, қулығымен және тәжірибелілігі, танымал ақылымен асып түскен, қол астындағы халқының санымен күшті және өзінің Ресейдің әйел патшасымен, Қытай боғдыханымен байланыстарымен ордаларда даңқты болған Абылай Орта Орда әкімшісінің барлық құқықтарына сай қасиетті өз бойына жинақтаған адам еді. Өз қадір қасиетіне сенімді болған ол өзінің үлкен бедел иесі болуымен және абайлап әрекет жасауының нәтижесінде, өте шеберлікпен өзіне жақтастар тарта білді. Өзінің күштілігімен дұшпандарын ықтыра білген ол керек жерінде өзін бірде орысқа бағыныштымын, бірде қытай

қол астындамын деп мойындағанымен, шын мәнінде ең тәуелсіз билеуші болды» деп көрсетті. Және еңбекте Халық аңыз бойынша Абылай жас кезінде қуғындалып, кедейлікте өмір сүріпті, ауқатты билерде жалшы болыпты, ал кейіннен қатардағы жауынгер ретінде жоңғар ойраттарына қарсы шайқасқа қатысқан. Оның ереше жау жүректігі, ерлігі және тапқырлығы Абылайды аса даңқты батырлар қатарына тез қосып, сонан кейін мемлекеттік қызметке де кең жол ашқан. 1731 жылы ол Әбілмәмбет ханның көмекшісі болды және соның атынан 40 жылға жуық ел басқарды. Тек соның өлімінен кейін 1771 жылдан бастап, абылай Ресей де, Қытай да ресми мойындаған хан болды деп жазды. [3, 212]

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шежіресінде Абылай туралы тарихи мәліметтер бар: «Абылайдың әуелгі аты Сабалақ». Мәшһүр Жүсіп Көпеев былай деп жазады: «... Жасы жиырмаға жетпеген Абылайдың қасында барлық кезде Оразақ деген өзбек –сарт еріп жүрді. Олар Есілді жағалай көшіп жүрген Атығай және Қарауыл руларына келіп, онда Дәулеткелді байдың жылқысын баққан, оның атшылары болған. Абылайдан:

«Атың кім?»- деп сұрағанда ол, - «Менің атым Сабалақ!»- деп жауап қайтарыпты». [4, 87]

Ақын Көкбай Жамантайұлының Абылай атты еңбегінде бірінші бөлімінде «Сабалақ» Абылай хан дастанынан үзінді келтіретін болсақ:

Қазақтың ұлық ханы Абылай хан,  
Көп емес өткеніне аз-ақ заман.  
Уәли өз әкесі хан сайланбай,  
Қазақтан басқа жаққа қонысы ауған.  
Абылай Хан боп өтті қолы жеткен,  
Қазақтың баласына еңбек еткен,  
Әкесі Абылайдың Уәли еді,  
Өкпелеп хан бола алмай ауып кеткен. [5, 28]

Сонымен қатар Абылай хан дәуірін Шоқан Уәлиханов жоғары бағалаған, ол былай деп жазады: «Қазақтардың аңыздарында Абылай әлдебір поэтикалық құрметке бөленген, Абылай ғасыры қазақ серілігінің ғасыры болып табылады». Мұндай баға халық санасында сақталып қалған сол бір тарихи дәуірді дәл бейнелейді. Қазақ шежірелерінің жүйесі өзінің функционалдық міндетін орындады, аса көрнекті батырлардың, Абылай ханның өзінің бейнелерін поэтикалық-эпикалық жырлар нысанында – батырлар туралы эпостарда, толғауларда және т.б баян етті. Ш.Уәлихановтың көптеген мақалаларында XVIII ғасырдағы қазақтардың тарихы жөнінде материалдар бар. Ол халық арасында кеңінен мәлім тарихи аңыздарды пайдаланды. Ш. Уәлиханов «XVIII ғасырдағы батырлар туралы тарихи аңыздар» деген мақаласында әйгілі тарихи тұлғалар – Абылай, Бөгенбай, Жаңатай, Байғозы, Оразымбет, Елшібек батыр, Темірхан батыр, Арқандар батыр, Баян батыр, Құдайберді батыр, Жәпек батыр және т.б аталған 14 аңызды келтіреді. Ш. Уәлихановтың сіңірген еңбегі мынада: ол өз мақалаларында өзіне дейін ауыздан-ауызға тарап келген құнды тарихи мәліметтерді көрсеткен.

Сол кездегі батырлардың есімдері туралы Құрбанғали Халид былай деп жазған: «Абылай заманында батыр сардар болғандар. Қаракерей Қабанбай, Алтыбай батыр, Ақтамберді батыр, Есмәмбет батыр, керей Жәнібек батыр, бөрі Ақпантай батыр, Қанжығалы Бөгенбай батыр, Бәсентиін Малайсары батыр, бұлардың бәрі де қолбасшы жауынгер атанса да қайраттысы Қабанбай болған. Ол кезде қоршауда қалса дереу бекініс жасап, қолына не түссе сонымен жауды жасқап, бекінетін қорғанды «қамал» деп атаған. Қазақ мұндай қамалдың талайын шаңын аспанға шығарып жүрсе де, бір қабат Шыңғыс тауындағы қалмақ қамалын қазақ сырттан қоршап ала алмай, ақыры Абылай хан қамалды кім алса, хандығымды беремін деп жар салады. Сонда да қамалдан ешкім өте алмай тұрғанда осы Қабанбай мен Есмәмбет батыр екеуі аз әскерімен барып садақ,

зеңбірек оқтары өз алдына, жаңбырдай жауған тастарға да қарамай, қамалға еніп кетіп, қалмақты қырып шыққан».

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Қазақ шежіресінде» даңқы шыққан жауынгерлердің есімдері аталады, ол былай деп жазады: «Абылай ханның заманындағы қазақ жұртынан шыққан батырлар Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақ ұлы Жәнібек, Көкжарлы көкжал Барақ, Шанышқылы Бердікожа, Сырым Малайсары:

Абылайдың мінгені ыңғай сары,  
Айғайласып келгенде жердің тары  
Абылайды сан қалмақ қамап жатыр,

Туынды ала шаба гөр, Малайсары,-дейтұғын Малайсары осы кісі. Балтакерей Тұрсынбай, Тарақты Байғозы, он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай, Малай жәдігерден Жауғаш, Биғаш, бөрте тонды бөрі атты, бөрі бас Орманшы Ақсары, Шотана, Қозған биікше мерген, қарауылшысы Әлтеке, Жидебай, уақ Сары, Баян :

Ғақыл тұрмас қашқанда,  
Дегбір тұрмас сасқанда,  
Баяндай ерді көрмессің,  
Буырылып жауды шанышқанда...

делінген Баян батыр осы. Бұл айтылған батырлардың бәрі де қалмақтың қамалын бұзған батырлар. Қазақта Қаракерей Қабанбайдан асқан батыр жоқ, Үйсін Төле биден асқан би жоқ».

Қазақ шежірелері қазіргі тарих ғылымына қазақ жырлары мен толғаулар жанрында кең көлемде деректемелер берді, оларда қазақтар тарихы жөнінде егжей – тегжейлі мәліметтер бар. Мәселен белгілілері : Шоқан Уәлиханов жазып алған «Абылай туралы жыр», Көкбай жазған «Сабалақ», «Абылай хан әңгімесі» , Олжабай Нұралыұлының «Сабалақ – Абылай хан » дастандары, Мәшһүр Жүсіп Көпеевте «Абылай ханның ең алғашқы ауызға ілініп, көзге түскені», «Абылай аспас Арқаның сарыбелі». Оларда сол тарихи заманның рухы, қазақ-жоңғар, қазақ-қырғыз, басқа да көрші халықтар арасындағы оқиғалар, әскери және дипломатиялық қарым-қатынастар жайлы тереңде көлемді мәліметтер беріледі. Батырлар жыры циклында «Бөгенбай батыр», «Ер Жәнібек» жырлары кеңінен мәлім, оларда орыс, сондай-ақ қытай деректемелерінен мәлім болған оқиғалар тарихи-көркем стильде келтірілген. [4, 88]

Ақын Көкбай Жамантайұлының «Абылай» атты еңбегінде Қаршадай дегеннен шығады, жалбыр тонды жылқышы бала қан майданда қалмақ ханының бас батыры әрі күйеу баласы Шырышпен жекпе жекке шығып, жауының жанын жаһаннамға жіберген ғой. Кек қайтарғалы Абылайды қапияда қолға қолға түсірген қалмақ ханы Қалдан Серен оны алдына алғызып: Шарыш сынды батырдың орнына сені өлтіремін, не арманың бар?-дегенде Абылай: Менің үш арманым бар: әуелі мен Шарышты қазақ пен қалмақтың қан майданында өлтірдім, сіз мені ұйқыда ұстап алып өлтіргелі отырсыз. Қазақ пен қалмақтың қан майданында өлсем арманым жоқ. Екіншісі – қазақ көшіп-қонып, орнықпай жүрген ел ғой, бір жерге орнықтырып, отырықшы өмірге кіргізіп өлсем армансыз болар едім. Үшіншісі- төрт атадан бері жалғыз едім, дәл қазір өліп кетсем не болам, не бауырым жоқ, дүниеге келмегендей боламын ғой,-дейді.

Ақтамберді жырау (1675- 1768) - жауға, жоңғар басқыншыларына қарсы өліспей беріспейтін шайқасқа шақырған халық жаршысы, өз шығармаларында ол қазақ халқының бейбіт және еркін өмір туралы, әлеуметтік қайшылықтар жойылып, халықтың ізгі үміті орындалатын заман туралы арманын білдіреді.

Үмбетей жыраудың өмір сүрген кезі (1706- 1768) Қазақ хандығының ең ауыр соғыс заманына, халық арасында аталып өткендей, жаугершілік заманға тұстас келеді. Бұл кездің барлық оқиғалары жырларда, толғауларда, жоқтауларды, естіртулерде жырланған. Үмбетей батырлық өлеңдерінде батырлардың қайраты мен ерлігін, халықтың



елдік рухын жырлайды, ал батырлар мерт болған кезде, олардың есімдерін азат етуші ер туралы жоқтау өлеңінде мәңгілікке қалдырылған. Үмбетей жырау өз толғауларында даланың қоғамдық- саяси өмірін жеткізеді. Оның өлеңдері халық аузында сақталған. Сонымен бірге ол-атақты қолбасы, жоңғарларға қарсы соғыстың батыры. Халық арасында оның Бөгенбай батыр туралы жыры ерекше мәлім болды.

Жырда қазақ жасақтарының жоңғарлармен шайқастары өткен көптеген жер атаулары айтылады, оларды жазба деректермен, археологиялық қазба мәліметтермен салыстырған кезде мұнда көрсетілген атаулар деректі құжаттарға сәйкес келеді.

Қазақ қарсыласуын ұйымдастырушылардың бірі, шайқастарда алдыңғы қатарларда тұрған Бөгенбай батыр 81 жасында қайтыс болады. Батырдың өлімін Абылай ханға естіртудің жауапты міндеті Үмбетей жырауға жүктелді.

Қазақтың жоқтау-естірту жанры көшпелілердің сөз өнерінде дәстүрлі болған, онда аңызға айналған тұлғаның толық өмірбаяны келтіріліп, оның мерт болғаны немесе қайтыс болғаны жөнінде көңіл айтылады.

Ей, Абылай, Абылай,  
Сөзімді тыңда тағыда-ай!  
Өзіңнен біраз жасы үлкен,  
Дөмпеш таудай басы үлкен,  
Жасында болған сырласың,  
Үлкенде болса құрдасың,  
Сексеннен аса бергенде,  
Қайырылмас қаза келгенде,  
Батырың өлді- Бөгенбай!

Үмбетей жыраудың батырлық жырларында Абылай, оған қоса батырлар-Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Сары, Баян, Сағынбай батыр және басқа да көптеген батырлар туралы құнды тарихи мәліметтердің бәрі бар.

Дана көреген Бұқар жырау (1668-1781) Абылай ханнан ұзақ жасады. Ш.Уәлиханов өз зерттеулерінде қазақтардың жоқтау жанрына мысал ретінде Бұқар толғауларының бірін келтіріп, оны «Бұқар жыраудың Абылай өлгендегі жоқтауы» деп атаған. Сонымен қатар Ақын Көкбай Жамантайұлының Абылай атты еңбегінде Бұқар жыраудың Абылай өлеңі келтіріледі:

Хан Абылай атандың  
Дүниеден шықпай мініңіз  
Алтын тақтың үстінде  
Үш жүздің басын құрадың  
Жетім менен жесірге  
Ешбір жаман қылмадың  
Әділдікпен жүрдіңіз  
Әдепті іске кірдіңіз.  
Арманың бар ма хан ием,  
Мәртебелі төбеге  
Жауыңды алып жайладың.  
Жеті күн кіріп ұрысқа

Өлімге басың байладың...-деп Абылай ханның ерлігі ел билеудегі орны мен мәртебелі хан екендігін суреттейді. Бұл жерде біз қазақ деректерінің маңыздылығын айта аламыз. [5, 26-27]

Мәшһүр Жүсіп Көпеев шежіресіндегі Абылай туралы тарихи әңгімелер циклында Абылайдың әскери жорықтары туралы айтылып, «Абылайдың бір жорығы» келтіріледі.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев «Бұқар жырау туралы тарихында» Абылай заманындағы шығармашылық мұрасы жазбаша шежіре арқасында сақталып қалған көрнекті тарихи

тұлғалардың бірі туралы былай деп жазады: «Қаржас руынан шыққан қарт Бұқар жырау- Қалқаман батырдың ұлы. Оны білетін адамдар оны «дуалы көмей» дейді екен».

Абылай ханның ақылшысы және идеяларының жаршысы ретіндегі Бұқар жырау қызметімен көптеген аңыздар мен әңгімелер байланысты. Нақты жағдайда белгілі бір мәселені шешкенде ол екінің бірінде Абылайдың идеологиялық ақылшысы болып отырған. Көптеген әңгімелер мен аңыздардың әлденеше нұсқасы бар, астарлы мағыналарға толы және көбінесе саяси шешімдерде әрекеттердің қастерлі мағынасы мен олардың көрнекілігі қоса беріліп отырады. Қазақ шежірелерінде, әсіресе Мәшһүр Жүсіп Көпеевте Бұқар жыраудың бейнесі мен кісілігі әділетті көреген, қазақ халқының бірлігін жақтаушы, өз бойына заманының ең жақсы белгілерін жинақтаған адам бейнесінде көрінеді.

Жалпы Абылай ханға байланысты келтірілген тарихи деректер өзінің маңыздылығымен қазіргі Қазақстан тарихнамасы мен деректануында алатын орны мен рөлі ерекше екенін айтуымызға болады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Әбуев Қ. Қазақстан: тарих және тағылым.-Астана: Елорда, 2006. – 320 бет.
2. Тарақ Ә. Алаштың айбын-ардағы–Абылай хан. (Әдеби тарихи монография) – Алматы: «Қазақстан» баспа үйі», – 2003 ж. – 240 бет.
3. Бекмаханов Е. «Казakhstan в 20-40-е годы XIX века»: Учебник. – Алма-Ата: «Қазақ университеті», 1992г. 400стр.
4. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2 том. – Алматы «Атамұра», 2010. – 640 бет
5. Ақын Көкбай Жамантаев. Абылай./құрастырған С.Қарамендин. – Алматы: Дария-пресс. – 1993. 147 бет.

## ОБРАЗОВАНИЕ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА В ИСТОРИЧЕСКИХ ИСТОЧНИКАХ

*Грудунс Ксения Яновна*

ГУ «Школа-лицей №1 отдела образования акимата города Костаная»  
г. Костанай, Республика Казахстан

Одним из первых государственных объединений было Казахское ханство, возникновение которого явилось закономерным итогом экономических и этнополитических процессов, протекавших на территории Казахстана в XIV-XV вв.

Современные исследователи рассматривают образование Казахского ханства как результат сложных этнополитических, социально-экономических и этнокультурных процессов, протекавших на территории современного Казахстана и прилегающих к нему регионов в XIV-XV века.

Главным итогом этих процессов было завершение формирования, в рамках пост-монгольских государств (Ак-Орды, Могулистана, Ногайской Орды, Ханства Абул-хаира), казахской народности, перед которой теперь стояла насущная необходимость объединения в рамках одного государства. Решение этой непростой задачи и обеспечило Казахское ханство.

Работы отечественных исследователей (историков, филологов, антропологов и др.) показали, что длительный процесс формирования казахского народа в основном завершился в XIV – первой половине XV века. Тем самым очевидно, что Казахское ханство, возникшее только во второй половине XV века, не является первым государством казахского народа, т.е. казахи и до Казахского ханства могли иметь свое госу-